

**ЖШС «NURSULTAN 7777»**  
**бөбекжай-балабақшасының 2024-2025 оқу жылына арналған**  
**жиналысының №1 хаттамасы**

**Тақырыбы:** Әдістемелік кеңестің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылау және бекіту. Мониторинг бойынша түсіндірме жұмыстары

Өткізілген күні: 02.09.2024 жыл

Қатысқан: 24 педагог

**Күн тәртібінде:**

1. «2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылау және бекіту».

Әдіскер: Ж.Т.Тойманова

2. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бағытындағы жұмыс жоспары

Әдіскер: Ж.Т.Тойманова

3. Әр түрлі сұрақтар.

Бірінші сұрақ бойынша балабақша әдіскері Тойманова Ж.Т. мектепке дейінгі ұйымның жылдық жоспарымен, 2024-2025 оқу жылына арналған нұсқаулық хатпен таныстырып, жаңа оқу жылындағы өзгерістер талқыланды. Педагогтардың сұрақтарына жауап берілді. Жылдық жоспардағы іс-шаралар талқыланып, балабақша басшысы бекітіп берді.

Екінші сұрақ бойынша 2024-2025 оқу жылына арналған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бағытындағы жұмыс жоспарымен таныстырды. Бағдарлама құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдері негізінде білім алушы тұлғасын қалыптастыруға ықпал ететін негізгі мақсат пен міндеттерді айқындайды.

Мемлекет басшысы Қ.Ж.Тоқаев озық дамыған мемлекет құру өскелең ұрпаққа тікелей байланысты екендігіне тоқталып, оларды тәрбиелеуге ерекше назар аудару міндетін қойды. Ұлт болашағы балалар мен жастардың бойына қандай құндылықтар сіңіретініне байланысты, сол себепті өскелең ұрпақты тәрбиелеу – мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі.

Сондықтан «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы елімізді жаңартатын «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу» ұстанымына негізделеді.

Үшінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісіне тәрбиеші тарапынан әр - түрлі оқу ісі мен тәрбиеге қатысты сұрақтар қойып, жауап алды.

**Шешімдер:**

1. 2024-2025 оқу жылы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыру үшін үнемі білім беру процесіне ата-аналарды қатыстырып отырсын.

Мерзімі: үнемі.

Жауапты: әдіскер, барлық топ тәрбиешілері.

2. Қыркүйек айының 15-іне дейін бастапқы мониторинг нәтижелері толтырылсын.

Мерзімі: бір аптаның ішінде.

Жауапты: барлық педагогтар

Төрайымы:

Ж.Т.Тойманова